ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім

2015 ж. II тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Негізгі даму үрдістері (3-бет)

II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)

III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)

IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)

V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)

VII. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (10-бет)

VIII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (12-бет)

IX. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (15-бет)

X. Композиттік индикатор (16-бет)

XI. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

ҚР НАҚТЫ СЕКТОРЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

2015 жылғы 2-тоқсанда 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда дайын өнімге сұраныстың төмендеу қарқынының баяулауын көрсететін кредиттік, іскерлік және инвестициялық белсенділіктің нашарлауына байланысты теріс процестердің кейбір әлсіреуі, кредиттеу талаптарының нашарлауы және теңгемен кредиттер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуы байқалды. Шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі өңдеу саласындағы сату рентабельділігінің кейбір ұлғаюына байланысты орташа алғанда нақты сектор бойынша төмендеді. Сонымен қатар, кәсіпорындар шығарылатын өнімге сұраныстың күтулі өсуіне байланысты 2015 жылғы 3-тоқсанда ахуалдың жақсы жаққа өзгеруін күтеді.

Нақты сектордағы негізгі үрдістер	
Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның конъюнктурасы	**Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін және өндірістің тиімділігін бағалау**
Дайын өнімге сұраныс төмендей бастады ↓	Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі ұлғайды ↑
Шикізат пен материалдар бағасы өсу аясында ↓	Өндірістік қуат көзін қосу ұлғайды ↑
	Өндіріс көлемі төмендеу аясында тұр ↓
Кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жай-күйін бағалау	Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі ұлғайды ↑
Кәсіпорындардың қаржылық жай-күйі жақсарды ↑	Өндірістің тиімділік көрсеткіштері жақсарды ↑
Банк жүйесінің ықпалы	**Валюта бағамы өзгерістерінің ықпалы**
Кредит беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі төмендеді ↑	Теңгенің USD, EURO және RR бағамы өзгерісінің оң ықпалының деңгейі төмендеді ↓
Негізгі және айналым қаражатын несиелендірудің бағалық және бағалық емес шарттарының нашарлау үрдісінің жалғасуы ↓	
Теңгемен несиелендірудің нақты және қабылдауға болатын пайыздық мөлшерлеме арасындағы алшақтық жоғарылады ↓	

↑ - оң өзгерісі ↓ - теріс өзгерісі

ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

Тұтастай алғанда нақты сектор бойынша 2015 жылғы 2-тоқсанда сұраныстың (диффузиялық индекс (ДИ) төмендеуінің жалғасуы байқалды, яғни кәсіпорындар жауаптарының балансы 2015 жылғы 1-тоқсандағы 36,0 -пен салыстырғанда 46,2 тең. Тауарлар мен қызметтер көрсету саласындағы сұраныс 2015 жылғы 2-тоқсанда төмендеді (тиісінше 45,7 және 45,8 дейін). Тау кен және өңдеуші салаларда дайын өнімге сұраныс сондай-ақ төмендеуін жалғастырды (ДИ тиісінше 42,9 және 38,4 құрады).

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2014ж.				2015ж.		
Кәсіпорындардың жауаптары, %		1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.	4-тоқ.	1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.
Ұлғаюы	1	13,1	23,2	21,6	17,4	9,8	23,1	24,0
Өзгермеуі	2	57,8	57,1	60,0	56,6	43,1	46,1	64,9
Төмендеуі	3	29,1	19,7	18,5	26,0	47,1	30,8	11,1
ДИ* = 1бет+0,5*2бет	4	42,0	51,8	51,6	45,7	31,4	46,2	56,4
ДИ маусымдық-таза	5	47,0	48,9	48,7	45,5	36,0	46,2	56,4

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

Дайын өнімге бағалар: 2015 жылғы 2-тоқсанда нақты сектордағы бағалар төмендеу аясында қалды (ДИ = 47,2, 2015 жылғы 1-тоқсанда - 45,2). Өндіруші салада 2015 жылғы 2-тоқсанда бағалардың төмендеуі жалғасты (ДИ = 35,7). Шикізат пен материалдар бағасы, әсіресе құрылыста жоғары болып отыр (ДИ = 64,0).

Дайын өнімге сұраныс, ДИ



Шикізат пен материалдардың бағасы, ДИ







ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындар өндірісінің көлемі баяулады (ДИ = 47,8). 2015 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар өндірісі көлемінің ұлғаюын күтеді (ДИ = 57,7).

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерін іске қосу деңгейі ұлғайды: өндірістік қуаттарды ең жоғары іске қосуы бар кәсіпорындардың үлесі 14,1%-ға дейін өсті, өндірістік қуаттарды іске қосу 50%-дан төмен кәсіпорындардың үлесі 38,3%-ға дейін төмендеді.

Тұтастай алғанда өндіріс көлеміне Қазақстан экспортының негізгі баптарын құрайтын шикізат тауарларына бағаның төмендеуі теріс әсер етеді.

ДИ өндіріс көлемінің өзгеруі



Өндірістік қуат көздерін қосу деңгейі
(% жауаптар)



БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2015 жылғы 2-тоқсанда нақты сектор компанияларының құрылымында қысқа мерзімді активтердің үлесі 32,4%-дан 2015 жылғы 1-тоқсанда 37,9%-ға дейін өсті. Қысқа мерзімді активтердің құрылымында қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 38,9%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 42,1%-ға дейін ұлғайды.

Активтер мен айналым қаражатының айналысы тиісінше 12,3%-дан 35,6%-ға дейін ұлғайды. Активтердегі айнылым қаражатының үлесі де өсті (34,7%-ға дейін).







БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 54,2%-дан 47,7%-ға дейін азайды. Компанияның меншікті капиталы үлесінің азаюы қысқа мерзімді қарыз алулармен өтелді: қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 21,3%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 27,6%-ға дейін ұлғайды. Мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындардың үлесі азайды. Мониторингке қатысушы кәсіпорындар арасында банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 5,5% болды.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 56,0%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 60,2%-ға дейін өсті. 2015 жылғы 2-тоқсанда мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешектері бар кәсіпорындардың үлестері тиісінше 30,0% және 23,1% болды. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 43,3%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 48,9%-ға ұлғайды.









БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Айналым қаражатын толықтыру үшін банктердің кредиттерін пайдаланатын кәсіпорындардың саны 2015 жылғы 2-тоқсанда ұлғайды (17,5%-ға дейін). Мемлекеттік бағдарламалар шегінде айналым қаражатын қаржыландыру үшін кредиттерді алған кәсіпорындардың үлесі 1,4% болды. Көптеген кәсіпорындар (82,3%) бұл мақсат үшін өз қаражатын пайдаланады.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі 2015 жылғы 2-тоқсанда жақсарды: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 35,5%-ға дейін төмендеді, бұл мақсатта өзінің қаражатын және банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 60,5% және 5,0%-ға дейін өсті. Мемлекеттік бағдарламалар шегінде кредит алған кәсіпорындардың үлесі 1,0% боды.

2015 жылғы 2-тоқсанда борыштық жүктемесі өскен кәсіпорындардың үлесі төмендеді (2015 жылғы 1-тоқсандағы 44,5%-дан 41,2%-ға дейін), кәсіпорындардың міндеттемелерінде банктер қарыздарының үлесі бұрынғы деңгейде: 46,2%-да қалды.





ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Кәсіпорындар өндірісі тиімділігінің көрсеткіштері 2015 жылғы 2-тоқсанда жақсарды. Кәсіпорындардың 65,4%-ы еңбек өнімділігін төмендетпеді. Өндіріс көлемін азайтпаған кәсіпорындардың үлесі 68,8%-ды құрады.

Кәсіпорындардың 62,6%-ы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санын төмендетпеді.

2015 жылғы 2-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті өзгерген жоқ (0,7). Төмен өтімділік көрсеткіші бар кәсіпорындар үлесі 36,1%-ға дейін ұлғайды (КТЛ<1), ал жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті 2,1-ге дейін төмендеді.





ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Нақты сектор бойынша орташа алғанда сатылымдардың рентабельділігі (салық салғанға дейін) өзгерген жоқ – 32,0% (2015 жылғы 1-тоқсанда 31,6%), оның ішінде өңдеу саласындағы рентабельділік 24,9%-ға дейін (2015 жылғы 1-тоқсандағы 20,6%-дан) өсті, ал тау-кен өндіру өнеркәсібінде өзгеріссіз қалды – 53,7% (2015 жылғы 1-тоқсанда 53,8%).

Нақты сектордың қаржылық ахуалы 2015 жылғы 2-тоқсанда жақсарды, шығынға ұшырағыш және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 24,2%-ға дейін (2015 жылғы 1-тоқсандағы 27,4%-дан) төмендеді. Рентабельділігі орташа кәсіпорындардың үлесі 42,1%-ға дейін (2015 жылғы 1-тоқсандағы 39,1%-дан) ұлғайды, ал рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі бұрынғы деңгейде қалды – 33,8% (2015 жылғы 1-тоқсанда 33,5%).

Сатылымдардың рентабельділігі, %-бен



Сатылымдар рентабельділігінің деңгейі бойынша кәсіпорындардың классификациясы



БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 2-тоқсанда жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілігі төмендеді: 2015 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниет білдіріп отырған кәсіпорындардың үлесі 24,0% болды. Кредиттерге ең көп қажеттілік – өңдеу саласындағы кәсіпорындарда (33,7%). Тау-кен өнеркәсібінде кредиттерге қажеттілік 18,5%-ға өсті.

2015 жылғы 2-тоқсанда банкке кредит алуға өтініш білдірген кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (2015 жылғы 1 тоқсандағы 25,1%-дан 26,4%-ға дейін). Бұл ретте, кредит алған кәсіпорындардың үлесі де (оның ішінде бұрын ашылған кредиттік желі бойынша кезекті транш алған) ұлғайды (2015 жылғы 1 тоқсандағы 17,2%-дан 20,0%-ға). Кредит беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі төмендеді (2015 жылғы 1 тоқсандағы 7,9% -дан 6,4%-ға). Кредиттерге қол жетімділік , ірі кәсіпорындар үшін де, әрі орта және шағын кәсіпорындар үшін де өсті.







* Бұрын ашылған кредиттік линия бойынша кезекті транш алған кәсіпорындарды ескере отырып

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындар айналымдағы және негізгі қаражатты кредиттеудің бағалық (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (кредиттің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарының нашарлауын байқауда.

2015 жылғы 2-тоқсанда теңгемен кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылдық 13,3%-ға төмендеді (2015 жылғы 13,6%). Теңгемен кредиттеудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық жоғары деңгейінде қалды: қолайлы пайыздық мөлшерлемелер жылдық 8,8% деңгейінде қалды. Теңгемен кредиттеудің нақты мерзімі өткен тоқсанмен салыстырғанда бір айға ұлғайды және 24 ай болды, кәсіпорындар үшін кредиттеудің қолайлы мерзімі – 32 ай. Шетел валютасымен кредиттеу мөлшерлемесінің деңгейі өзгеріссіз қалды және 9,0% болды, кәсіпорындар үшін қолайлы мөлшерлемелер деңгейі де бұрынғы деңгейде қалды – 6,1%. Шетел валютасымен кредиттеудің нақты мерзімі - 32 ай, қолайлысы - 35 ай. (2015 жылғы 1-тоқсанда: тиісінше 29 және 34)

Кредиттеу талаптарының өзгеруі





Кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер





БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі кредиттері бойынша борышы төмендеу аясында қалды: ДИ= 46,9. Кәсіпорындардың активтері 65,4 дейін ұлғайды (2015 жылғы 1-тоқсандағы 54,1-ден), меншік капитал өзгерген жоқ: ДИ = 50,0 (2015 жылғы 1-тоқсанда 51,2).

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі депозиттердің өсуі жалпы экономика бойынша тоқтап қалды (ДИ = 50,6). Алайда, ірі кәсіпорындардың депозиттер орналастырудағы белсенділігінің артуы байқалады, ДИ = 51,4. Кәсіпорындардың 2015 жылғы 3-тоқсандағы күтулері ұқсас деңгейде қалып отыр.





ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 2-тоқсанда теңге бағамының АҚШ долларына және ресей рубліне өзгеруі (тиісінше 23,1%-ға және және 17,5% дейін), ал еуроға (13,0%-ға дейін) өсуі шаруашылық қызметіне жағымсыз әсерін сезген кәсіпорындар саны төмендеді. Сондай-ақ, шаруашылық қызметіне теңге бағамының АҚШ долларына, еурона, ресей рубліне өзгеруі оң әсерін тигізген кәсіпорындар саны төмендеді.

Валютамен жұмыс істемейтін респонденттердің үлесі 27,1%-ға азайды.









КОМПОЗИТТІК ИНДИКАТОР

2015 жылғы 2-тоқсанда экономикалық өсудің бәсеңдеуі жалғасты, мұны КИ көрсетіп отыр. КИ теріс болып қалды, алайда көрсеткіштің мәні нөлге жуық болып, (-0.32) құрады. 2014 жылғы 2-тоқсаннан бастап КИ төмендей бастады және 2014 жылғы 4-тоқсанда ІЖӨ-нің ұзақ мерзімді үрдісімен (нөлдік белгі) салыстырғанда оған жуық бола отырып, төлеу жағына қарай өтті, бұл экономиканың нақты секторының баяу өсуінің жалғасып отырғанын көрсетеді. КИ-дің соңғы 3 тоқсанда теріс көрсеткіштері 2015 жылғы 2-тоқсанда нақты сектордың баяу өсу үрдісінің барынша ықтималды түрде сақталатыны туралы белгі береді. Кәсіпорындар басшыларының пікірі бойынша, олардың қызметіне теріс әсер еткен, сондай-ақ КИ іс-әрекетіне теріс әсер еткен негізгі факторлардың бірі іс жүзінде алғанда экономиканың барлық саласында дайын өнімге сұраныстың азаюы болып табылады. Сұраныстың барынша көп құлдырауын тау-кен өнеркәсібінің кәсіпорындары атап өтті. Қазақстанның сауда әріптестері елдердегі (ЕО, Ресей, Қытай) экономикалық өсудің бәсеңдеуі, олардың тарапынан отандық өндірушілер экспорттайтын өнімге сұраныстың азаюы негізгі экспортталатын тауарлардың әлемдік бағасының құлдыраумен қатар, Қазақстан кәсіпорындарының рентабельділігіне теріс әсер етті. Осымен бірге, 2015 жылғы 1-тоқсанда отандық, атап айтқанда өңдеуші өнеркәсіптегі өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуы рубль құнсызданғаннан кейін жалғасты. Оң факторлардың арасынан банк кредиттерінің, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген кредиттердің есебінен негізгі және айналым қаражатын қаржыландыратын кәсіпорындар үлесінің ұлғаюын атап көрсетуге болады.



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасы сипатталатын қорытылған индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс мәнді білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда тиімді ретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындарды іріктеу бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (сондай-ақ есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ІЖӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ІЖӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай құрамы бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) салалар бойынша дайын өнімге сұраныстың өзгеру индикаторларының тобы:
- өндіруші өнеркәсіп,
- өңдеуші өнеркәсіп,
- құрылыс,
- сауда,
- көлік және қоймаға сақтау,
- ақпарат және байланыс,
- жылжымайтын мүлікпен операциялар;

2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісі,
- тұтыну секторы бағаларының өзгерісі,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісі; -

3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- айналым қаражатын қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаны қоса алғанда),
- меншікті қаражат есебінен негізгі құралдарды қаржыландырылған кәсіпорындардың үлесі,
- банктердің кредиттері есебінен негізгі құралдарды қаржыландырылған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаны қоса алғанда),
- банктердегі депозиттердің өзгеруінің диффузиялық индексі,
- кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
- кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;

4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және стратегиялық
талдау департаменті